

## Приозерск қаласы азаматтарының жекелеген санаттарының қала ішіндегі қоғамдық көлікте (таксиден басқа) женілдікпен жол жүруі туралы

Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімдігінің 2019 жылғы 21 мамырдағы № 19/137 бірлескен қаулысы және Қарағанды облысы Приозерск қаласының мәслихатының 2019 жылғы 21 мамырдағы № 30/298 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 маусымда № 5372 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағы 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Заңының 13 бабына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Приозерск қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТИ:

1. Приозерск қаласы азаматтарының келесі санаттарына қала ішіндегі қоғамдық көлікте (таксиден басқа) женілдікпен жол жүру белгіленсін:

1) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған көп балалы аналар – тегін жол жүру;

2) 4 немесе одан да көп бірге тұратын кәмелеттік жасқа жетпеген, соның ішінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда, жоғарғы оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын балалары бар көп балалы отбасылар, балалары кәмелеттік жасқа толғаннан кейін оқу орнын аяқтаған мезгіліне дейін (бірақ әрі дегенде 23 жасқа толғанға дейін) – тегін жол жүру.

2. Қаржыландыру көзі ретінде қалалық бюджет белгіленсін.

3. Осы бірлескен Приозерск қаласы әкімдігі қаулысының және Приозерск қалалық мәслихаты шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.А. Қазиеваға және қалалық мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы С.Б. Попченкоға жүктелсін.

4. Осы бірлескен Приозерск қаласының әкімдігінің қаулысы және Приозерск қалалық мәслихатының шешімі алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихат хатшысы

К. Камзин

Е. Балтышев

Б. Сарсембеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК